# Табиғи ресурстар

ДАЙЫНДАҒАН: КУТИБАЕВА Н

ФАКУЛЬТЕТ: ЖАЛПЫ МЕДИЦИНА

ТОП: 021-2





Адамзаттың күн көрісі мен тіршілік етуіне қажетгі заттар және табиғатта кездесетін жаратылыс дүниелері — табиғи ресурстар деп аталады. Су, жер, өсімдік жан-жануар, тау-тас, қазба-байлық және өзге де, тікелей не өнделген күйінде түрмысқа, өндіріске қажетті дүниеліктердің бәрі де Табиғи ресурстарға жатады



Табиғи ресурстарды пайдалану нәтижесінде, адамзат — азық-түлік, киім-кешек тұрмыс кажетін өтеуге керекті заттар, жанар-жағар майлар және өнеркәсіпке қажетті шикізаттарды алады. Табиғи ресурстар, олардың қолдану саласына қарай — ендірістік, денсаулы сақтауга қажетті, ғылыми, эстетикалык деп бөлінеді








Табиғи ресурстары сарқылмайтын және сарқылатын екіге бөлінеді. Сарқылмайтын қорлар адам баласына тәуелсіз болып келеді. Соның бәрі –су. Жер шарындағы судың үлесі барлық жердің 2/3 алып жатыр. Сондықтан оның қоры үздіксіз айналымға түсіп, қалпына келіп отыр. Ал экожүйелердің таралуы уақыт пен кеңістікке қатысты салыстырмалы түрдегі айлағаны объектілер. Сарқылатын қорлар өз кезегінде қалпына келетін және қалпына келмейтін деп жіктеледі. Мысалы, қазба байлықтар, мұнай, көмір қорлары қалпына келмейтін байлық көзіне жатады. Қалпына келетін қорлар да адамның ақыл-ойына тәуелді болады. Олар – топырақ , өсімдік пен жануарлар




Табиғатты пайдалану қоғамдық өндірістің
ерекше саласы ретінде табиғат байлығын
кешенді үнемдеп пайдалану арқылы
қоғамның материалдық қажетін өтеуге
және табиғи ортаға өндірістің зиянды
әсерін болдырмауға бағытталған.
Өндіріске қатыстырылатын т абиғат
байлықтары: пайдалы қазбабайлықтар
(минералдық шикізат),су,ауа,орман,жер,тек
қана өндіріс шікізаты емес, сонымен қатар,
өндіріс құралы да болып табылады.
Өндірістік қатынасқа қосылмған табиғат
байлығын да ұлттық байлық ретінде қарап,
оның табиғи қалпының сақталуын,
сапасының төмендеуін қамтамасыз ету
керек.







Табиғат байлығын тиімді пайдалану өндірістің дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, табиғи ортаның тазалығын, оның қалпына келетін қорын молайту және табиғи ортаның тепе-теңдігін сақтау болып табылады.





Табиғи орта мен ондағы өндірістің даму тепе-теңдігі сақталуы тиіс.Сондықтан табиғи ортаны, табиғат байлығын қорғау халықтың материалдық, рухани, әлеуметтік мұқтажын үздіксіз өтеуге, табиғат байлығын қалпына келтіруге, молайтуға бағытталуы қажет



. Ғарыш қорларына — күн сеулесінің радиациясы, теңіздің тартылуы мен тасуы жатады. Климаттық қорға — атмосферадағы ауа, жел энергиясы, жауын-шашын жатады

- Назар аударғаныңыз үшін рахмет